

2025–2026 оқу жылында мектеп кітапханасы мектеп әкімшілігі бекіткен жоспарға сәйкес жұмыс жүргізіп, «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асырды.

Бұл жоба мектеп ұжымының барлық мүшелерін қамтуға бағытталған және оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруды көздейді.

Жобаның өзектілігі

Бұрын кітап оқу адамның жалпы мәдениетінің маңызды көрсеткіштерінің бірі болып саналатын. Қазіргі уақытта оқушылардың оқу белсенділігі төмендеп, кітаптың рухани құндылық ретіндегі рөлі әлсіреп бара жатқаны байқалады. Көптеген балалар кітап оқымай-ақ білімді болуға болады деп есептейді. Теледидар мен компьютердің әсері нәтижесінде оқушылардың мәтінді терең түсініп оқуға деген қызығушылығы төмендеуде.

Баланың кітап оқуына жүйелі түрде көңіл бөлу оның тұлғалық дамуының және табысты қалыптасуының маңызды шарты болып табылады. Бүгінде кітап оқуға деген қызығушылықтың төмендеуі әлемдік деңгейдегі өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Жобаны жүзеге асыру арқылы кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға және оқуды қоғам тарапынан қолдауға жағдай жасалады.

Жобаның мақсаты

Білім беру ұйымында кітап оқуды насихаттайтын, оқырмандық қызығушылықты қалыптастыратын және отбасының оқу үдерісіне қатысуын қамтамасыз ететін мәдени орта құру.

Жобаның міндеттері

1. Оқушыларды кітап оқуға тарту және олардың оқу құзыреттілігін арттыру үшін тиімді педагогикалық идеяларды, әдістер мен жұмыс түрлерін іздестіру;
2. Кітап оқуды насихаттауға мүдделі білім беру ұйымының барлық құрылымдарының өзара әрекеттестігін ұйымдастыру;
3. Кітап оқуды дамыту бағытындағы озық тәжірибелерді анықтау, жинақтау және тарату;
4. Педагогтерге, кітапханашыларға және балалар оқуын ұйымдастырушыларға әдістемелік қолдау көрсету;
5. Отбасылық кітап оқу дәстүрлерін жаңғыртуға ықпал ету;
6. Ата-аналарды балалардың кітап оқуын қолдауға тарту және отбасылық бос уақытты тиімді ұйымдастыруға көмектесу.

Жобаның мазмұны

Қазіргі таңда балалардың бос уақытының басым бөлігі компьютер мен түрлі электрондық құрылғылардың алдында өтетіні жасырын емес. Көркем әдебиетті тұрақты оқитын балалар саны азайып келеді.

Бүгінгі күні кез келген кітапты кітап дүкендерінен, кітапханалардан немесе интернет ресурстарынан табуға мүмкіндік бар. Алайда жастар бұл мүмкіндіктерді толық пайдалана бермейді.

Кітап – білім мен рухани дамудың қайнар көзі. Көп оқитын адамның дүниетанымы кеңейіп, сауатты жазып, өз ойын еркін жеткізе алады. Сондықтан кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру – қазіргі қоғамның маңызды міндеттерінің бірі.

Жобаның негізгі мақсаты – қоғам назарын кітапқа аудару, кітап оқудың пайдалы, қажетті әрі заманауи құндылық екенін насихаттау.